

Демалысқа ақы төлеу немесе пайдаланылмаған демалысқа өтем төлеу үшін орташа жалақыны есептеу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 қаңтар N 51. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.08.12. N 1251 қаулысымен. ~P971251

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бес күндік және алты күндік жұмыс аптасы жағдайында демалысқа ақы төлеу, сондай-ақ пайдаланылмаған демалысқа өтем төлеу үшін 12 күнтізбелік айдың орташа жалақысы есебінен, осы кезеңдегі белгіленген үстемеақылар мен қосымша ақыларды және сыйлықтың орташа мөлшерін ескере отырып есептеледі
д е п б е л г і л е н с і н .

Сыйлықтың орташа мөлшері демалысқа шығатын айдың алдындағы 12 күнтізбелік ай үшін сыйлықтың орташа айлық процентін (сыйлықсыз) соңғы 12 күнтізбелік айдың орташа жалақысына көбейту арқылы айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп және Әділет министрлігінің келісуімен екі апта мерзім ішінде осы қаулыны қолдану жөнінде түсіндірме әзірлеп, бұқаралық ақпарат құралдарында

жарияласын.

3. "Демалысқа ақы төлеу немесе пайдаланылмаған демалысқа өтем төлеу үшін орташа жалақыны есептеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 мамырдағы N 513 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 22, 226-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

